

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 27 наурыздағы N 3430 Жарлығын жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 2 сәуірдегі N 458

"Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" 1993 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңын (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 2, 28-құжат), "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 1997 жылдың сәуір-маусымында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 27 наурыздағы N 3430 U973430_ Жарлығын жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері:
шақыру комиссиясының жұмысын ұйымдастырсын және 1997 жылдың сәуір-маусымында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды қамтамасыз етсін;

әскерге шақырылған азаматтарды жинау және әскерге жөнелту орындарында күшейтілген кезекшілік белгілесін;

командаларды жинау және қызмет атқару орындарына жөнелту мен алып баруды қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі облыстардың және Алматы қаласының әкімдеріне пәрменді шаралар қолдану үшін азаматтарды әскери қызметке шақырудың барысы туралы уақытылы хабарлап тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі әскерге шақыру пункттерін медициналық жағынан қамтамасыз етуді, сондай-ақ әскери комиссариаттардың өтініші бойынша әскери қызметке шақырылғандарға медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастырсын.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің өтініші бойынша мерзімді әскери қызметтен запасқа шығарылған және әскери қызметке шақырылған азаматтарды тасымалдауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен келісілген тариф бойынша тасымалдау үшін есеп айырысатын болсын.

5. Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын сақтау

және Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 27 наурыздағы N 3430 U973430_ Жарлығының талаптарын орындау жөнінде әскерге шақырылған жастар арасында профилактикалық жұмысты жандандырсын.

6. Некеде тұрған және 1 баласы бар әскерге шақырылушыларға мерзімді әскери қызметке шақырудан 1998 жылдың 1 наурызына дейін кейінге қалдыруға рұқсат берілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі